


TURKISTAN

Соқпағы бөлек суреткер



Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетін жасаған тұлғалардың арасында ыңғай саясаттың жетегінде кетпей, айтарын айта білгендер бар. Әрине, ол кезде «кессеңіз, ханым, міне, бас» деп қасқайып тұрудың заманы өткен, сол үшін де қолына қалам ұстағандардың таланттылары негізгі ойларын кейіпкерлерінің бойына жасырды. Астарлап айтып, сомдалған характерлермен берді.

Мемлекет ананы жазба, мынаны жаз, өйтуге болмайды, бүйтуге болмайды, шығармадан оның партиялылығы көрініп тұруы керек т.с.с. деп нұқып отырғанда ұшқыр қиялдың аяғына тұсау салынбай ма? Еркіндік жоқ жерде ақтарылып айту қалай болсын? Қоғамды сынайын десең, соны құрғандар қаптаған «шыншылдарды» айдап салып ит талағандай етсе, өкіметке «сенімсіз» атанып, басқан ізің бақылауда болса, жазуға қалай құштар боласың? Мемлекет ананы жазба, мынаны жаз; өйтуге болмайды, бүйтуге болмайды; шығармадан оның партиялылығы көрініп тұруы керек, т.с.с. деп нұқып отырғанда ұшқыр қиялдың аяғына тұсау салынбай ма? Еркіндік жоқ жерде ақтарылып айту қалай болсын? Қоғамды сынайын десең, соны құрғандар қаптаған «шыншылдарды» айдап салып ит талағандай етсе, өкіметке «сенімсіз» атанып, басқан ізің бақылауда болса, жазуға қалай құштар боласың?

«Біз отарланған елде өмір сүріп жатырмыз»

Әрине, шырқ бұзбағандар қатарында жүрсен, әлдебіреуге жақпай қалудан аман болсаң, тәуір адам саналасың. Оны бәрі білетін, бірақ бәрі соған амал қылып, ағыстың ығына қарай кете берген жоқ. Біреулер қоғамға өкпесін астарлап жазды, біреулер заманды қолдаған болып негізгі пікірлерін «ұнамсыз» кейіпкерлерінің аузына салды. Ал кейбір қаламгер сирек

жағдайда мемлекет саясатына ашық қарсы шықты! Сол бірегей сиректер басында Бердібек Соқпақбаев тұр!

Батырлық біреудің жүрегінде бар: заманның ыңғайына көнбей, көңілі қалаған нәрсені ғана істейді. О бастағы ұстанымынан айнымай күн кешеді. Батырлық біреудің тілінде бар: кейде өмірін қауіпке тіксе де айтарын ашып айтып, ар-намысының алдында адал болып өтеді.

Ал осы екі батырлық бір адамның бойында тоғысса кім болады?

Біз, «Бердібек Соқпақбаев болады» дер едік.

Иә, солай. Шығармаларында адамның еркіндікке құштарлығын байқатып отыратын жазушы өзі де еркіндікті аңсап, аңсап қана қоймай кезі келгенде «тәуекел етіп – тас жұтып», талай қазақтың түбіне жеткен қылышынан тамған қаны әлі кеппей тұрғанда оның астам саясатына ашық қарсы шығуға жүрегі дауалаған!

Бұл жайында кейінгі ширек ғасырда ғана ашық айтыла бастады. Қазақтың аса көрнекті ақындарының бірі, шығармаларында қазақи болмысты дәріптеуден танбаған Қадыр мырза Әли өзінің атышулы «Иірім» атты кітабында Бердібек Соқпақбаевтың ерлігі жайында былай дейді:

«Мен Бердібек Соқпақбаевтың ерте таныдым. Тіпті, өзін көрмей жатып білдім. Әрине, кітаптары арқылы. Кейін «Балдырған» журналы ашылып, екеуміз де сол журналға әдеби қызметкер болып орналастық: Бекең ол кезде Мәскеудегі Жоғары Әдеби курсты бітірін жақында ғана елге оралған. Жай оралған жоқ. Жаңа бағыттағы жаңа жазушы, балалар әдебиетінің классигі болып оралды. Бүкіл кеңес әдебиетінің, соның ішінде Қазақ кеңес әдебиетінің жалған бағыттағы жәдігөй әдебиет екенін түсініп келді. Республиканың республика емес, колония екенін ұғып келді. Сол жылдары Ташкентте Азия және Африка жазушыларының халықаралық конференциясы өтті. Міне, осы конференцияға ақын Нұрсұлтан Әлімқұлов екеуі «Бізді арнайы шақырыңыздар! Біздің айтатын уәжіміз бар. Біз отарланған елде өмір сүріп жатырмыз...» деп телеграмма берін, біздің сакқұлақтарды біраз састырған. Ол заман үшін мұның өзі барып тұрған ерлік болатын. Жай ғана ерлік емес, көзсіз ерлік! Ол кәдімгі қан қақсаған сорлы әдебиеттің ышқына шыққан жан дауысы еді».

«Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» деген сөз жайшылықта айтыла береді ғой, алайда бас кесілетін әрекетке кім көрінген бара бере ме? Бірақ соған Бердібек бара алған ғой. Осы әрекетінің өзіне зор қауін екенін білмеді ме? Білді, біле тұра барды. Дегенмен құдіреті күшті Құдай бір пәледен аман алып қалған Бердібектің ғұмыры бұдан кейін, әрине, мамыражай бола қойған жоқ. Сөйтсе де, жаңағы әрекеті оны танытып кеткен сияқты: былайғы жұрт қазақ әдебиетінде қайсар қаламгер барын білді, сол арқылы қазақты таныды дей аламыз.

«Мен өлгеннен емес, тіріден қорқамын»

Қазақ көркемсөзінде балалар әдебиетінің классигі деп танылған қаламгер о баста әдебиет есігін өлеңмен ашқан көрінеді, тіпті алғашқы кітабы – «Бұлақ» атты өлеңдер жинағы болыпты. Замандастарының айтуынша, ол лирик қана емес, сатирик ақын ретінде мойындалған секілді. Белгілі қаламгер Мыңбай Рәш Б.Соқпақбаев туралы естелігінде оның КазПИ-дегі бір кездесуінде

мынадай ирониялық өлең оқығанын айтады:

Аяқтан екеу,
Қасықтан төртеу –
Жалғыздық көрер жайым жоқ.
Ағайын бек көп,
Ішеміз ептеп,
Оған бір тояр қарын жоқ.
Баяғы қарын – бір қарын,
Білмеймін не жоқ, не барын.

Бұл, әрине, Абай өлеңіне пародия емес, «Ішкен мәз, жегендер тоқ күнде, күнде» (Сұлтанмахмұт) болып жүрген ойсыз қауымның түйсіксіздігін сынау ғой!

Расында, «өкімет өлтірмейді» деп арқаны кеңге салып, «бәрі сәбет өкіметінің арқасы ғой» заманына күйлеген тоғышарлардың кесірі кімге тимеді? Ондайлар өзгелердің де өздеріндей болғанын қалады, қолында билігі барлар, тіпті талап етуге дейін барды...

Бірде Кеңсай зиратының маңында саяжайы бар Бердібекке Тахауи Ахтанов: – Зираттан қалай қорықпайсың-ей? – дегенінде ол:

– Мен өлген адамдардан емес, тірі адамдардан қорқамын, – деп жауап берінті. Расында, ол кезде киесі бар өлі аруақтан «иесі бар тірі аруақтар» қауіпті болған ғой. Сондайлар батыр жазушының адымын аштырмай, барынша оған кедергі жасап баққан.

Жазушының көзі тірісінде тасқа басылған соңғы туындыларының бірі – «Өлгендер қайтып келмейді» атты романы республикалық Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып, алғашқы турда көп дауыс алса да, жеме-жемге келгенде сыйлық оған берілмей, атақты Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабына бұйырған. Былай қарасаң, екеуі де лайықты тұлға, керек десең, шыншылдығы жағынан екеуі де ұқсас. Демек, баяғы әрекеті үшін кеңестік зымиян саясат кек алып, өз бауырымен таластырып қойған. Бірақ олар бәрібір Бердібекті түпкілікті жеңе алған жоқ, тоғышарлар әлемде «теңдесі жоқ қоғам құрды» деп мақтайтын елдің шынайы бет-бейнесін жазушы «Ергежейлілер еліне саяхат» атты шығармасында өлтіре сынады. Памфлеттік формада жазылғанымен, «балаларға арналғаны» үшін ғана бұл шығарма қырағы көздердің секемінен аман қалды. Десе де, аз ғана үзінділері 1966 жылы «Қазақстан пионері» газетіне басылған бұл шығарманың толық нұсқасы автор дүние салардан бір жылдай бұрын ғана «Жұлдыз» журналында жарияланып үлгіріпті...

Қожа – Бердібектің өзі

Бұл қаламгердің шығармаларындағы персонаждардың бойында ылғи тәртіпке көнгісі келмей, бұлқынып тұратын болмыстың көріне беруі жайдан-жай ма? Жоқ, әрине. Ол жазушының өмірлік мұратынан туған кейіпкерлер болатын.

Шығарма қашан да иесіне ұқсайды. Иесі тарпаң болса ол да тарпаң болады, иесі терең болса, туынды да оқығанды тұңғыыққа сүңгітіп ой салады. Ал кейбір шығармалардың жадағайлығы, түйірі жоқ сапырма сөзі де оны жазған

адамның жан дүниесінің сондай жұпыны, қарабайырлығын байқатса керек. Жазушының бүгінде жұрттың бәрі білетін «Менің атым – Қожа» атты тамаша хикаятын о баста «Өзім туралы повесть» деп атағанының өзі көп жайттан хабар бермей ме?

Бердібек қашанда өзі көрген, таныған шындықты бояп-сырламай, өмірден алшақтатпай ұсынған. Бірақ оның шығармалары өмірден өнерге көшіріле салған натурализммен қоңсы қонған жоқ, керісінше, автор өнеге болар, ой салар шындықтарды айта білді.

Адамның болмысы азаттықты қалайтыны, қолдан жасалған шаблон-өмір мен стереотип көзқарастар адам жанын жұбатпайтыны, өз жолымен – жан қалауымен өмір сүргісі келетіндердің бәрі бірдей ойлайтын қоғам мүшелерінің қарсылығына қалай ұшырайтыны жазушының «Менің атым – Қожа» повестінде ым-ишарамен берілген. Әрине, мұны балалар әдебиетінде саяси астар болмайды деп ойлайтындар байқай бермейді, бірақ Б.Соқпақбаев айтқысы келгенін кейіпкер әрекеттерін суреттеу үстінде айта алған.

Өзге шығармалары сияқты Бердібектің «Менің атым – Қожасының» да маңдайы бірден жарқырап кете қоймаған. Шығарма жарияланған соң одан «ерсі қасиет» көрушілер көп болған. Повестің басты кейіпкерінің іс-әрекеті совет мектебінің оқушысына сай емес балаларды өзіне еліктіріп, хулигандыққа тәрбиелейді деп сыналған. Совет педагогикасындағы стандарттарға еті үйренген мұғалімдер екібастан тосырқай қараған. Бірақ Құдайға шүкір, жақсының жақсылығын танитын адамдар ол кезде табылатын. Талай қазаққа «ұнамаған» шығармасын орталықтан шығаруға талпынған жазушы оны орыс тіліне тәржімелетіп шығарғысы келгенде басында ол жақтан да қолдау таба қоймай, теріс рецензия алса да, кейін «Детгиз» баспасы қазақ жазушысының тұрпаты бөлек туындысын көп тиражбен басып шығарған. Жұрттың ықыласы ауған бұл шығарма келесі жылы қайта басылып, оны ізді-ізінен молдован, латыш, литван, украин, өзбек, беларусь, эстон елдері өздеріне аударып жариялаған.

Енді жолы ашылған шығарманы жас ұрпаққа берері мол екенін сезген жазушы Тахауи Ахтанов Бердібекке белгілі режиссер Абдолла Қарсақпаевты таныстырып, оны «Менің атым – Қожа» повестін киноға айналдыруға көндіреді. Сүйтіп, 1963 жылы «Қазақфильм» повестпен аттас кино түсіріп, экранға шығарады. Алайда киноны сынаушылар көп болыпты. Сөйтсе де, бұл туынды 1967 жылы Францияның Канн қаласындағы халықаралық фестивальда ынталандыру сыйлығын жеңіп алып, қазақ қаламгері сомдаған кейіпкер әлемге танылды.

А.Қарсақбаев бұдан кейін де жазушының «Балалық шаққа саяхат» атты шығармасы бойынша кино түсірген (1969 ж).

...Жаңалықты қабылдау қай кезде де оңай болмаған. Өйткені көлденең жұрт не нәрсені де тереңдеп ұғынбай, атүсті пікір айтуға әуес. Сол үшін алдымен елдің қалай қабылдап жатқанына назар аударып көрсе, асығыстыққа жол берілмес еді ғой. Осы орайда, «Менің атым – Қожа» повесті туралы өзім тікелей байқаған екі жағдай туралы айта кетсем деймін. Оның біріншісін оқушы кезімде көрдім. Әдебиет сабағында мұғаліміміз Б.Соқпақбаевтың «Менің

атым – Қожа» повестін (мектеп оқулығында үзіндісі берілген) өткен соң, келесі сабаққа сол шығарма бойынша бүкіл сынып дайындалып келгенін көрдім. Бәрі сол шығарма туралы сабақ айтқысы келді. Екіншісі, өзім мұғалім болып жүрген кезімде байқаған нәрсем. Оқушыларға «Менің атым – Қожа» повестін түсіндірген соң келесі сабаққа бәрінің дайындалып келгенін байқадым. Сонда бұл не құдірет? Ол – жазушы туындысының жас ұрпақтың жүрегінен орын тапқанын көрсетпей ме? Бұл әдебиеттегі шыншылдық пен шеберліктің тұтасқан көрінісі болса керек.

Мектеп көрген қазақ баласы бәрінің есінде өмір бойы сақталатын жалғыз әдеби шығарма болса, ол – әлемнің 68 тіліне аударылып жарияланған «Менің атым – Қожа» шығар-ау.

Чемпиондар елі болуды аңсаған жазушы

Әдебиеттің миссиясы – оқырманды жай ғана көркем шығармаға қызықтыру емес, қызықтыру арқылы ой салу, асқақ арманға ұмтылдырып, өмірден өз жолын іздеуге талпындыру. Б.Соқпақбаевтың әуелі (1951 жылы) «Он алты жасар чемпион» атымен жарияланып, кейін «Жекпе-жек» аталған повесті кезінде мотивациялық рөлі өте жоғары шығарма болғаны анық. Онда қазақтың боксшы баласының 16 жасында бокстан әлем чемпионы болғаны баяндалған. Ал сол шығарманың әсері қандай болды? Ол қазақтың қарадомалақтарын мықтылық пен қайсарлыққа тәрбиелеп, осы спорт түріне қатты қызықтырғаны анық. Бүгінде қазақ елі әлемдік бокс державасына айналып, бізден әлем, олимпиада чемпиондары шығып жатса, соның ең алғашқы себепкерінің бірі Б.Соқпақбаевтың «16 жасар чемпион» атты туындысы деу әділдік болар еді.

Бердібек Соқпақбаев балалар тақырыбына жазуды кездейсоқ таңдап алмаған. Бұл жайында жазушы Қалмұқан Исабаевтың естелігі көп сыр аңдатады. Онда Бердібектің сөзін былай деп береді:

«Егер алуан-алуан өмір салаларынан бірінші шығармаларды – шаруашылықтан «Миллионерді», «Обком хатшысы», соғыстан – А.Бектің «Волоколам тас жолын», революциядан «Ботагөзді» ғана қалдырып, осыларды қайталап тұрған туындылар ретінде басқаларын сыпырып тастасақ, сонда біздің 60 жыл бойы жасаған әдебиетімізден 3-4-ақ кітап қалады екен. Бұл – әдеби жұтаңдық деген сөз. Ал әдеби жұтаңдық халықты рухани жұтаңдыққа апарады. Ал рухани жұтаң халық ешқашан тәуелсіз ел бола алмақ емес. Міне, бізді осы жұтаң жолға, яғни «стандартқа» социалистік реализм салып тұр. Ал бұл реализм тәсілі әзірге балалар өміріне жете қойған жоқ. Сол себепті бүгін халыққа айтқың келген сөзді тек баланың ғана іс-қимылы, ой мен әрекеті арқылы жеткізуге болады. Ал стандартқа жатпайтын екінші тақырып халықтардың тарихи тақырыбы еді, оның өзін «тарих Октябрь революциясынан басталады!» деп одан арғыға бару жолын кесін тастаған. Міне, менің «балалар тақырыбынан» шықпайтын себебім – осы». Адамға бала жасында сіңген қасиет оның ғұмыр жолын айқындайды, осыны жақсы түйсінген Бердібек Соқпақбаев қиюы кеткен кер заманда қазақ балаларына тәрбие беруді, өнеге көрсетуді ойлап өзінің қаламгерлік миссиясы етін алды және қателескен жоқ!

Үлкен әдебиетке қызығу бала жастан басталатын болса, оған себепкер болатын рухани күш – балаларға арналған таңдаулы шығармалар екені даусыз. Біздің әдебиетте бұл саланың басында қайсар қаламгер Бердібек Соқпақбаев тұр!

Әр қаламгер руханиятта әртүрлі із қалдырады. Біреу тек жаманды-жақсылы шығармалар жазып, әйтеуір көптің қатарында жүріп ғұмырын өткізеді. Біреудің қолдауы күшті болып, атақ-даңққа қол жеткізіп, жалғанды жалпағынан басып өмір сүреді. Ал енді біреу қаламгерлікті ұлт мұратының өркендеуіне арнап, сол жолда қиындық көреді, қиындық көрсе де тағдыр кедергілерін жеңіп, мақсатына жетеді. Біздіңше, үлкен мақсат жолында жеңіске жетіп, халқының жүрегінен мәңгілік орын алған жазушы Бердібек Соқпақбаев қазақ барда ұмытылмайтын қаламгер. Сондықтан Соқпақбаев соқпағы туған халқы үшін тер төгем деген әр қаламгерге өшпес өнеге, үздік үлгі болып қала береді.